

САБАҚТА ОҚЫТУДЫҢ ЖАҢА ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІН ПАЙДАЛАНУ

Искакова Г.Ш., Емелина Н.К., Шаукенова К.С.

Қарағанды қ., Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті,

Қарағанды экономикалық университеті

E-mail: iskakova.1975@mail.ru

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. [1]

Орыс педагогі К.Д.Ушинский айтқандай, қазіргі заман талабына сай, әр мұғалім, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да, мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз.

Қазіргі жоғары оқу орындарында кредиттік технология бойынша білім беруді модульдік ұйымдастыру жолымен оқыту алға қойылып отыр. Олар:

«Үздіксіз білім беру жүйесіндегі заманауи әдістер»; «Өзін-өзі дамыту, өзін-өзі жетілдіру, өзін-өзі іске асыру технологиялары»; «Білім нәтижесін бағалау жүйесі»; «Оқыту және оқу жүйесіндегі заманауи сандық технологиялар» деп аталады. Модульдің мақсаты – өмір бойы білімін көтеруді дағдыға айналдыратын студенттерді оқытатын жоғары мектеп ұстаздарын жанаша оқытудың кредиттік технологиясына оқыту.

Н.Ә.Назарбаев «Елдің ертеңі – бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры – ұстаздың қолында» деп айтқандай, сапалы білім беру оқытушының әдіс-тәсілімен тығыз байланысты. Оқытушы сабақта жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, студенттердің тақырыпты толықтай меңгерулеріне септігін тигізеді. Оқытушы ЖОО-да дәріс, практика, СОӨЖ сабақтарында жаңа әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы болашақ маман иесіне сапалы білім береді.

Өз тәжірибемізде студенттердің білімін тексеру үшін ассоциограмма әдісі немесе ақыл-ой картасын пайдаланып көрдік. Ой картасының артықшылықтары: нәтижеге жету, тез есте сақтау мен тез еске түсіру, ойлау үдерісін реттеу, ассоциативтік ойдың дамуы, ойлау уақытын үнемдеу (уақыт менеджері), жоспарлауды және міндеттерді сауатты атқару болып табылады. Негізін салушы Тони Бузан (1970). Сабақ барысында қолдана отырып, тиімділігіне көзіміз жетті.

Мысалы математикалық талдау пәнінің “Анықталған интеграл және оны қолдану” тақырыбы бойынша студенттердің білімін тексеру кезінде төмендегі ассоциограмма мен ой картасын алдық: 1,2-суреттер



1-сурет



2-сурет

Әдебиеттер тізімі

1. Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы//Егемен Қазақстан.- 2012 ж.- 15 желтоқсан
2. Айдоc Е.Ж. Жоғары математика, Алматы, 2010, 1,2,3 т.